

К.Б.Жумагулова, Е.Ж.Назаров

Исторические предпосылки создания Организации Исламская Конференция

В статье отмечено, что образование Организации Исламская конференция (ОИК) стало важным шагом на пути формирования парадигмы внешней политики мусульманских государств. Определено, что все шаги для создания ОИК как основной организации исламских стран в международных отношениях были приняты в рамках концепции «исламской солидарности». В статье рассматриваются как исторические, так и политические предпосылки для создания ОИК, а также основные цели и причины, которые привели к организации мусульманских государств, чтобы создать ОИК. В этом отношении, отмечают авторы, ОИК в рамках концепции «исламской солидарности» по праву заняла центральное место в исламском мире и является ключевым органом сотрудничества государств с большим количеством мусульманского населения.

References

- 1 Zhdanov N.V. *The Islamic concept of world order*, Moscow: Mezhdunarodnye otnosheniya, 2003, 568 p.
- 2 Gasanova E.Yu. *The ideology of the national liberation movement in the countries of the East. 1917–1947*, Moscow: Nauka, 1984, p. 72 — 85.
- 3 Sharipova R.M. *Pan-islamism today. Ideology and practice of the League of islam world*, Moscow: Nauka, 1986, 139 p.
- 4 Moskalenco V. *Russia and the muslim world*, Moscow: INION, 1993, № 5, p. 62–70.
- 5 Gareeva G. *Russian and muslim world*, Moscow: INION, 2001, № 12. p. 113–125.
- 6 Sultanov B.K. *Kazakhstan and Organization of the Islamic Conference*, Almaty: Kazakhstan Institute of Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, 2010, 268 p.
- 7 Hasanov R. [ER] // *Central Asia and Caucasus* // http://www.ca-c.org/journal/11-1997/st_03_hasanov.shtml.
- 8 Sheryazdanova K., Smagulova G. [ER] // *Polititca i politicheskie nauki* // <http://www.cyberleninka.ru/article/n/integratsionnye-instituty-ot-organizatsii-islamskaya-konferentsiya-k-organizatsii-islamskogo-sotrudnichestva>.

ӘОЖ 94 (574) «1837/1847»

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

1837–1847 жылдары Кенесары хан басқарған ұлт-азаттық қозғалыс

Мақалада патша әскерлерінің жаппай шабуыл жасауынан Қазақстанның тәуелсіздігіне қауіп төнген шақта тарихи сахнаға шыққан Кенесары ханның бой көтеруінің маңыздылығы суреттелген. Ресейге қарсы қалжырататын қарулы күреске шығудың шындығын түсінген саясаткер ретіндегі Кенесары ханға сипаттама берілген. Кенесарының қазақтың үш жүзі руларының едәуір бөлігін өз туы астына біріктіре алғандығы көрсетілген. Кенесары ханның өз заманындағы ұлы қайраткерлер қатарынан орын алатындығы айтылған. Оның тұлғасына патша үкіметінің отарлаушы империясының жақтаушыларының өздері де таң қалатындығы айтылған.

Кілт сөздер: ұлт-азаттық қозғалыстар, кезең, саясат, басқару, тәуелсіздік, отарлық, шабуыл, ерлік, зерттеулер.

Ресей империясының үстемдігіне қарсы жүргізілген ұлт-азаттық қозғалыстардың кезеңдері

Тауқыметті соншама көп кешкен, тағдыры аянышты — езіліп-егілген, жабығып жапа шеккен, тарығып-зарыққан халық жер бетінде екеу болса, соның біреуі — қазақ. Сондай сұмдықтардың кесірінен қазақ кезінде атамекенін тастап, тоз-тоз болып жан сауғалауға да мәжбүр болды.

Орысқа бодан болған үш ғасырдың ішінде тарихымыз, ар-ожданымыз табанға тапталды. Алқакөл-сұламаға ұшырадық. Кең пейіл, аңқау қазақтың мал-жаны тәркіленіп, ашаршылыққа душар болды. Зұлматтың құрығына түсті. Өзгенің тарихын өзімізге теліп оқыдық. Хандарымыз бен билеріміз, бектеріміз бен батырларымыз әжуаға, күлкіге, мазаққа тап болды. Тарихымыз саясаттың құралына айналды. Сана, дәстүр күйреді. Халық жадынан айрылды. Шыбын жаны шырқырады. Ұлт ретінде жер бетінен жойылып кете жаздадық. Қазақтың: «Қаратаудың басынан көш келеді», деп зарлағаны; Қазтуған жыраудың: «Қайран да менің Еділім», деп қабырғасы сөгілгені; үш жүздің басын қоса алмай, қала сала алмай, көшіп-қонған жұртын орнықтырып ел ете алмай Абылайдың пұшайман болғаны; Бұқар жыраудың жер тіреп күңіренгені; «Еділді келіп алғаны — етекке қолды салғаны, Жайықты келіп алғаны — жағаға қолды салғаны», «Әдіра қалғыр Үш Қиян», деп Мұрат ақынның күйзелгені; «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сикын», — деп Абайдың қабырғасы қайысатыны осы тұс еді.

XVIII–XIX ғасырларда Ресей империясының үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар күшейді. Отаршылыққа қарсы Сырым Датұлы (1782–1797), Тіленші Жоламанов (1822–1824), Исатай-Махамбет (1836–1837) бастаған және т.б. соғыстар болып өтті. Бұл соғыстардың әрбірі қазақтың бүгінгі мемлекеттілігі мен ұлттық болмысының қайтадан тарих сахнасына шығуы үшін берілген қасиетті қантөгіс болатын.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың барлығын академик Манаш Қозыбаев төмендегідей кезеңдерге бөлгені белгілі [1]:

- I-кезең. Сібір жұртын жаулап алуға қарсы қазақ халқының құрамына кірген тайпалардың азаттық қозғалысы.
- II-кезең. Қазақ елінің оңтүстігі — Жетісу, Сыр бойы — жоңғарларға, Қоқан, Хиуа хандықтарына тәуелді болды.
- III-кезең. Әбілқайыр ханның Кіші жүздің бір бөлігімен Ресей қоластына өтуінен басталады.
- IV-кезең. Қазақ даласы таланып, патша өкіметі мен оның қарулы күші — казактар жасағы хан, сұлтандармен бірігіп, зорлық-зомбылық мемлекеттік дәрежеде өрбіген кезде ұлт-азаттық қозғалыс өрши түсті.
- V-кезең. Хан Кене бастаған ұлт-азаттық қозғалыс лаулады; оның даңқы Еуропаға жетті.
- VI-кезең. XX ғ. басында ұлт-азаттық қозғалысты Еуропалық бағытпен дамытпақ болған реформатор зиялы қауым бастады.
- VII-кезең. Ұлт-азаттық қозғалыстар мен 1917 ж. Ақпан революциясы және Қазан төңкерісі азаматтық қарама-қарсылық кезінде дамыды да, үлкен көтеріліске ұласты.

Сөз жоқ, қазақ тарихында Кенесары Қасымұлы басқарған көтерілістің үлкен мәні бар. Ол халқымыздың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін метрополияға, жалпы, империяға ашық қарсы шыққан ең ұзақ күресі болып есептеледі.

Қасым сұлтан мен оның балаларының отаршылдыққа қарсы жүргізген күресі

Патша үкіметінің 1822–1824 жылдары Орта жүз бен Кіші жүзде енгізген басқару ережелері қазақ ұлтының дәстүрлі басқару және құқық жүйесін жойып, орнына округтік және шекаралық ресейлік басқару мекемелерін ашты. Ресей билеушілері қазақ жерінің ең шұрайлы жерлерін тартып алып, Ақтау, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау, т.б. жерлеріне өз әскери бекіністерін сала бастады. Қазақ халқының қарулы қарсылығына бір ғана әкімшілік басқару жүйесіндегі отаршыл үкімет жасаған өзгерістер себеп болып қана қойған жоқ, оған Солтүстік, Шығыс Қазақстанда суы мен жайылымы мол Ертіс, Есіл өзендерінің бойындағы жерді біртіндеп орыс-казак шаруаларының өз иелігіне бөліп алуы, алым-салықтың өсуі де қатты қозғау салды.

1822 жылдан бастап, Көкшетау өңірінде беделімен белгілі, Абылай ханның ең кіші ұлы Қасым сұлтан өзінің балаларымен Ресейге қарсы күрес жүргізді. Абылайдың қалмақ қоңтайшысы Галдан Сереннің қызынан дүниеге келген Қасым сұлтанның бәйбішесі Айкүмістен Кенесары (алты ағайынды — Саржан, Есенгелді, Көшек, Ағатай, Бопай), екінші әйелінен Наурызбай туған [2]. Қасым сұлтан округтік тірек пунктер құру туралы патша үкіметінің шешіміне қарсы шықты. Ол 1825 жылы 14 маусымда Орынбор генерал-губернаторына, тағы басқаларға хат жазды. Округтік тірек пунктерді жоюды талап етті. 1826 жылы 18 сәуірдегі хатында Қасым сұлтан жазалаушы отрядтың бейбіт ауылдарға шабуыл жасап, халыққа көп зардап шектіргенін айыптап жазды.

Ресей империясының саясатына қарсы алғашында Абылай хан ұрпақтары Ғұбайдолла сұлтан, кейін Қасым төренің ұлы Саржан сұлтан көтеріліске шықты. Саржан сұлтанның жасақтарының арасында жас сұлтан Кенесары да болды. Ол сол кезде-ақ бостандық туралы ойларымен көзге түсті.

Өкінішке орай, Қасым сұлтан мен оның балаларының (Саржан, Есенгелді, Кенесары) Ресейге қарсы күресінде одақтас болған Қоқан хандығы сатқындық жасады. 1836 жылы Қоқан билеушісінің нұсқауы бойынша Саржан өлтіріледі.

1840 жылы Қасым да, Есенгелді де азаттық үшін күрес жолында Ташкент билеушілерінің қолынан қаза табады. Алайда Қасым сұлтан мен оның балаларының отаршылдыққа қарсы бытыраңқы сипатта жүргізген күресі тоқтап қалмады.

Есенгелді мен Саржан өлген соң, Қасым сұлтанның қызы Бопай ханша мен ұлы Кенесары билікті қолға алды. Ұлт-азаттық күресті белсенді түрде Кенесары сұлтан бастады.

Кенесарының көтерілісшілердің көсемі ретінде саяси аренаға шығуы

Қасымұлы Кенесары хан — Қазақ хандығының соңғы ханы, Орта жүздің саяси өмірінде жүз жыл бойы басшылық рөл атқарған шаңырақта дүниеге келіп, тәрбиеленген. Ол өзінің тегі жағынан Төре тұқымынан. Арғы аталары Шыңғыс ханның Жошы деген үлкен баласынан тарайды: Шыңғыс хан — Жошы хан — Орда Ежен хан — Сартақай хан — Баян хан — Сасықбұқа хан — Ерзен хан — Шымтай хан, Орыс хан, Қойыршық хан, Барақ хан — Жәнібек хан (Әбу Сейіт) — Қасым хан — Хақназар хан — Шығай хан — Тәуекел хан — Есім хан — Салқам Жәңгір хан — Уәли (Бақы) — Абылай хан (Әбілмансұр) — Қасым — Кенесары хан [3].

Ауыз әдебиеті нұсқаларына қарағанда, Кенесары тым кішкентай болып туылыпты. Оған ат қойған адам титтей нәрестені алақанына салып тұрып: «Өзі күрттай ғана екен, ендеше, аты Кене Сары болсын» депті деген аңыз бар. Кенесары 1802 жылы қазіргі Көкшетау облысының Көкшетау деген елді мекенінде дүниеге келген. Кенесары бала кезінен әкесі Қасымның патша өкіметіне қарсы күресінің куәгері ғана емес, сол күреске қатысушы да болған [4; 10].

Текті отбасында дүние есігін ашқан Кенесары көркем Көкшенің тау-тасын кезіп, жабайы аңдарды аулауды бала күнінен кәсіп етіп өсті. Ол жастайынан-ақ ат құлағында ойнап, садақ ату сияқты ер жігітке тән түрлі өнерді меңгерді. Оны көрген адамдар атасы Абылайға ұқсататын еді, әкесі Қасым да осы баласынан көп үміт күтсе керек. Кенесарының өзі де бала кезінде-ақ маңайындағы құрдастарына: «Мен ешқашан өзімнің батырлығымнан танбаймын және керемет ерлік көрсетіп барып өлемін» [5], — деп айтқан екен.

Кенесары тәуелсіздік жолындағы күреске ерте араласты. 20 жасында жас күрескердің ат үстіндегі өмірі басталды. Ағасы мен әкесі өмірден өткеннен кейін ол күрес тізгінін түгелдей өз қолына алды. Дегенмен, Кенесары сұлтан ашық күреске шықпас бұрын патша өкіметінің қазақ жерінде қорған салуларын тоқтатуын бейбіт түрде талап етті. Ол Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының аумақтық тұтастығын қалпына келтіруді, Ресей құрамына кірмеген аймақтардың тәуелсіздігін сақтауды көздеді. Отаршылдарға қарсы соғысты бастамас бұрын Кенесары бірнеше рет дипломатиялық қадамдар жасап: Николай I патшаға, Орынбор генерал-губернаторлары В.А.Перовскийге, В.А.Обручевке, Сібір генерал-губернаторы П.Д.Горчаковқа хат жолдады. Ақылды саясатшы және әскери қолбасшы ретінде Кенесары сұлтан жаудың мықты қарулы күші бар екендігін жақсы түсінді, сол себепті соғысқа мұқият даярланды. Бұл оның қазақтың Үш жүзін бір мақсат жолына біріктіру саясатынан, қару-жарақ соғуды, соның ішінде зеңбірек құюды жүзеге асыру үшін орыс және өзге ел шеберлерін тартуынан көрінеді. Қазақ ақсүйектері екі жарылып, бір тобын көтерілісті қолдаушылар құраса, екінші жағы оған қарсылар болды. Соған қарамастан, Кенесары қол астына 20 мыңға жуық сарбаз жиналды. Оның ішінде Орта жүз руларынан басқа, Кіші жүздің шекті, тама, табын, алшын, шөмекей, жаппас, жағалбайлы, т.б. руларының, Ұлы жүздің үйсін, дулат, т.б. руларының сарбаздары болды [6].

Сонымен, Кенесарының заңды талаптарына құлақ аспаған патшалық үкіметтің басқыншылық әрекеттері қарсы қозғалысқа әкеп соқты. Табаны күректей он жылға созылған Кенесары-Наурызбай қозғалысы халық жадында ұмытылмастай із қалдырды. 1836 жылы ағасы Саржан қаза тапқанға дейін өзінің нағыз батыр екенін дәлелдеген Кенесары өзі бас болып барлық шайқастарға қатысты. Иығына полковниктің эполеттерін тағып, қасына ерген ту ұстаушылары бар ол әрдайым әскерінің алдында жүрді. Сондықтан да жауларының өздері оның көзсіз батырлығын мойындаған, Кенесарыны көтерілісшілердің өздері де хандардың арасынан шыққан ең қаһарманы әрі ақылдысы деп білген. Кенесары бастаған күрес шын мәнінде ұлт-азаттық күреске айналды. Көтерілісшілердің өз әнұраны

болғаны да белгілі. Сол кездері Кенесары үлкен көрегендік танытып халқының бірлігіне кедергі келтіретін жүзге, руға бөлінушілікті тыюға көп әрекет жасады. Даңқты қолбасшы мемлекет тәуелсіздігінің өте маңызды іс екенін халық санасына күйода қыруар еңбектер атқарды. Мемлекет мүддесін қорғау жолында жауды жеңіп, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін халықты біліктілікпен басқару көп септігін тигізетінін ол жете түсінді.

Кенесары Қасымов өз айналасына ең адал кеңесшілер мен батырларды, халық арасынан отарлық езгіге қарсы күрестегі ең беделді, белсенді азаматтарды топтастыра білді.

Кенесары ханның тәуелсіздікке бағытталған күрес жолы

Тарихшылардың белгілеуінше, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күресі 1837 жылы басталған. Үлкен ағалары Саржан мен Есенгелді өлгеннен кейін ол Ақмола округіне келіп көтерілісті басқарған. Кенесары жасақтары патша әскеріне қарсы жоспарлы күресті 1838 жылдың көктемінен бастап жүргізді. Осы жылдың басында Кенесары Ақмола приказының аға сұлтаны, подполковник Қоңырқұлжа Құдаймендиннің және оның туыстарының ауылдарына шабуыл жасады. Шабуылдың нәтижесінде тек қана жылқыдан 12 мыңы айдап әкетілді. Қ.Құдаймендин Омбы облысының басқарушысы Талызиннен әскери көмек сұрауға мәжбүр болды [7; 236, 237].

1838 жылы мамыр айының 26-сы күні Кенесары-Наурызбай екеуі жасақтарымен Ақмола бекінісін талқандап, өртеп жіберді. Қамал бастығы әскери старшина Карбышев пен Ақмола аумағының аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин төнген ажалдан құтылып кетті. Кенесары енді Торғайға бет бұрды. Кенесары Қасымов патша өкілдеріне жазған хаттарында бұл әрекетін Ресей шекараларына жақындауға ұмтылу, сол арқылы келіссөз процестерін жеңілдету деп түсіндірді. Шын мәнінде батырдың негізгі мақсаты 1836–1838 жылдары Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісі болып өткен Кіші жүзді жалпыхалықтық көтеріліске қосу болды [8].

Ақмоланы талқандаған соң, Кенесары 1838–1839 жылдары жүйелі түрде приказдарға, бекеттерге және разьездерге шабуыл жасап, дұшпанның дайындалған жем-шөптерін жойып, қатынас жолдарын қиратып, партизандық күрес жүргізуді жалғастыра түсті. 1838–1839 жылдардағы көтеріліс кезінде Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл округтері бойынша барлығы 80-ге жуық сұлтан көтеріліске қатысты [9].

Көрнекті тарихшы Е.Бекмаханов «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40-жылдарында» атты мәшһүр монографиясының «Қоқанмен күрес. Торғай облысындағы көтеріліс» деген тарауында: «1840 жылдың соңында Орынбор өкімет орындарымен жасалған уақытша бітім бойынша Кенесары шекара шебіне қандай да болсын шабуыл жасауды тоқтатты. Бұл жағдай 1842 жылға дейін созылды. Әйтсе де, осы мерзім ішінде Сібір отрядтарымен жекелеген қарулы қақтығыс болып тұрған.

Бұл тыныстаудың Кенесары қозғалысының дамуына үлкен маңызы болды. Орта жүздегі көтеріліс әлі де болса шағын аймақты қамтиды және Кенесары ағасы Саржанның ісін тек анағұрлым батыл түрде жалғастырған еді. Торғай аймағында Кенесары Орта жүздің де, Кіші жүздің де қазақтарының азаттық қозғалысын басқарды. Қозғалыс аймағы бұрынғыдан әлдеқайда кеңейді, ал қозғалыстың өзі Орта жүз руларының бір бөлігінің ғана аумағы жағынан шектелген көтерілісі болудан қалды. 1840–1845 жылдардағы күрестің дамуының соның алдындағы кезеңдегіден екінші бір ерекшелігі — Кенесарының Қазақ хандығын қайта құруға деген талпынысы құпталып, оны халық хан көтерді» [7; 254]. — деп жазады.

1841 жылы қыркүйекте Үш жүз қазақтарының өкілдері Кенесары Қасымұлын өздерінің ханы етіп сайлады. Уақытша болса да Қазақ хандығы қайта орнады. Патша үкіметі бұл жаңалықты үлкен үреймен қарсы алды.

Соңғы жылдары Кенесары Қасымұлының қай жерде хан көтерілгендігі жайлы тарихи оқиғаны біреу Ұлытауда, біреу Айыртауда, тағы біреулер Сарысу өзенінің бойында өтті деп жазып жүр.

Омбы және Қазақстан Орталық мемлекеттік мұрағаттарда 1841 жылдың 14 маусымында жазылған «Рубасы Көлебай Қоқановты қазақ руларының жиынында Кенесары Қасымұлының хан сайланғандығы туралы хабарламасы» атты құжат сақтаулы. Құжатта ол Ор бекінісінің коменданты, полковник Исаевқа Кенесары ауылдарының Ырғыз өзенінің жоғарғы ағысындағы Қарашатау деген жерде отырғандығын, сол жерге Кенесарыны хан көтеру үшін қазақтың көптеген руларының өкілдері жиналып, мәселені талқылап жатқандығын айтқан. Екінші бір құжатта «Кенесары қыркүйекте хан атағын алған соң Батыс Сібір әкімшілігіне қараған болыстарына да әмірін жүргізе бастады», — деп жазылған [10].

Хан болып сайланған Кенесары Қасымұлы ұлт-азаттық күресін сәтті дамыту үшін орталықтанған мемлекет құруға талпынды. Оның қоластында жақтаушы батыр, би және сұлтандардан тұратын жоғары кеңесуші орган болды, ал хандықты Кенесары өзіне адал жасауылдардың көмегімен басқарды. Олар құқықтық, шаруашылық, дипломатиялық, салық және де әскери мәселелермен айналысты. Сәтті жұмыс нәтижесінде [1]:

- салық жинау тәртіпке келді;
- егіншілікпен айналысу мүмкіндігі жасалды;
- сауда-саттық саясаты өзгеріске ұшырады;
- мемлекеттік құрылыс өзгертілді;
- хандық кеңес құрылды;
- мәмлегерлік қызмет ұйымдастырылды;
- феодалдық талас-тартыс, ру аралық қақтығысқа тыйым салды;
- соғысуға қабілетті жасақ ұйымдастырды;
- тыңшылық қызмет енгізді.

Кенесары хан 1841 жылы күз айында қоқандықтардың едәуір күштері орналасқан Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт, Жүлек бекіністерін қоршап, оны өзіне қаратты.

1840-жылдардың басында Орынбор үкіметі тарапынан біраз кеншіліктер орын алады, өйткені Орынбор губернаторы Перовский жанжалды бейбіт келіссөздер жолымен реттеуді мақұл көреді. Орынбор ұлықтары Кенесарыға патша атынан кешірім жасап, онымен келісімге келеді. Қазақ ханы біраз уақыт жортуыл-жорықты қойып, тыныш тірлікке көшеді. Бірақ Сібір әкімшілігі мұны қудалауын қоймайды. 1842 жылы ел Наурызды мейрамдап, қуанысып жатқанда, Кенесарының жоқ кезінде, жасауыл Сотниковтың жазалаушылары қаннен-қаперсіз ауылдың лаңын шығарып, сұлтанның бәйбішесі Күнімжанды балаларымен, туған-туысқандарымен тұтқындап алып кетеді. Бұл қарым-қатынасты қайта шиеленістіреді [11; 245].

Кенесары Сібір үкімет орындарына қарсы шығуға мәжбүр болды. 1843 жылдың бас кезінде ол Батыс Сібір генерал-губернаторлығының шекара тізбегіне шабуылын күшейтті. Ресейге дос жаппас, алшын руының сұлтаны Алтыбай Көбековтың ауылын шауып, өзін өлтірді. Сонымен қатар Кенесары Қоқан иелігіне де шабуылын қайта бастады.

Кенесарының осы шабуылдары уақытша келісімнің бұзылуына себепші болды. Патша отрядтарымен қарулы қақтығыстар қайта басталды [12].

Үш жүздің қазақтарының біріккен ұлт-азаттық қозғалысы Ресейді қатты алаңдатты. 1843 жылы 17 маусымда патша Николай I Кенесарыға қарсы кең көлемде соғыс жорығына рұқсат берді. Әскери старшина Лебедевтің 300 адамнан тұратын отряды алдыңғы соққы беретін күш болды. Кейін оның отряды 1500 адамға жетті.

Бұған қарамай, 1844 жылы шілдеде Кенесары Ахмет Жантөриннің отрядына шабуыл жасады. Осы жылдың тамыз айында Екатеринбург бекетін қоршауға алған Кенесары қолы мылтық, пистолет сияқты көптеген олжаны қолға түсірді.

1844–1845 жылдары көтеріліс өрледі. Ханның әскеріне Сыр бойының, оңтүстік қазақтары қосылды. Кенесары өз әскерінің санын 20 мың адамға жеткізді. Кенесары табысы оның даңқын асырды. 1845 жылы онымен келіссөз жүргізу үшін патша үкіметі Долгов бастаған бір топ адамды жіберді. Кенесары оларды екі ай ұстап, Орынбор генерал-губернаторына хат жазып, оларды аттандырып жіберді. Ол хатында патша бекініс-қамалдарды бұзып, зорлықты тоқтатса, Ресейге бодан болуға әзірлігін білдірді [13].

Келіссөз сәтсіз аяқталғаннан соң Кене жасақтарын құрту, халық қозғалысын басу үшін Ор бекінісінен, Ұлытаудан, Тобыл өзенінен патша әскерінің үш тобы шықты. 1845 жылдың күзінде Орынбор және Сібір шептері арқылы қысымға алынған Кенесары Қасымұлы көтерілістің басты ошағы Торғай даласынан Сарысу мен Шу өңіріне көшті.

1846 жылдың басында Кенесары Балқаш көлі мен Іле өзені аймағына қоныс аударды. Осы жылы көктемде Қалғұты өзенінің бойындағы Қақпатас деген жерге келіп, қырғыздардың қонысына жақын қонған Кенесары қырғыз манаптары Орман мен Жантайға Сайдақ қожа, Есенгелді Саржанов бастаған елшісін аттандырды. «Тегіміз бір халықпыз, ортақ жауымызға бірлесіп қарсы тұралық» — деді. Кенесарының мұнысы ізгілікті қадам еді. Бірақ орысқа ант беріп, Қоқанмен ауыз жаласып алған Орман, Жантайлар Кенесарымен келісімге бармайтынын бірден айтты. Кенесары ұзын-ырғасы алты мәрте елші аттандырды [14].

Өкінішке орай, қырғыздар Кенесарының бірлікке ұмтылған бірде-бір қадамын қолдамады. Керісінше, Кенесарының басқан ізін орыс генералдарына жеткізіп отырды. Кене хан шарасыздықтан 1847 жылы қол бастап атқа қонды. Орыс пен Қоқанның көмегіне сүйенген қырғыз манаптары олардың алдына көлденең тұрды.

Кене ханның соңғы жорығы

Кенесары жасақтарының қырғыздармен соғысы Ыстықкөлдің тау шатқалы қойнауында Шу өзенінің бас жағында өтті. Кенесары Токмақтың маңында Кекілік сеңгірі деген жерде қамауға түсіп мерт болды. Бұл жөнінде Сібір корпусы командирінің әскери министрге 1847 жылы 18 мамырда жолдаған № 130 мәліметінде: «Кенесары қырғыздармен болған соғыста інісімен, екі баласымен және 15-тей сұлтанмен қолға түсіп, барлығы дерлік қаза болды. Кенесарының басын кескен Чыжым би болды», — деп мәлімдеген [15].

Елі үшін ерлік күресте Хан Кене өлімді асқан ерлікпен қарсы алған. Ол өлім алдында туған елмен, жермен қоштасып ән салған.

Бұл ән «Кенесарының қазақ халқымен қоштасуы» деп аталады («Бурабай» газетінен жазып алынған вариантын ұсынып отырмыз):

*Ой-хой, қайран дүние-ай,
Жаратушы жан ие-ай!
Иманымды бере гөр,
Ақтығыма сене гөр,
А-а-а!...
Ашылмаған бағым-ай,
Торға түстім тағы-ай.
Қырық беске келгенше
Өтті ме күнім налымай?!
Ұрпағыңа ырза бол,
Әулие атам Абылай,
Көз аядымда Көкшетау,
Бұлдырайды сағымдай.
Бір көрінші көзіме,
Наурызбай мен Ағыбай.
Иманымды бере гөр,
Жаратқан ием-а, құдай!
Атырау-Алтай арасын,
Ат үстінде шарладым.
Ата жаумен алыссам,
Азаттық еді-ау арманым.
Қалың қазақ баласын,
Өлі ұйқыдан оятып,
Саржан өтті — ардағым!*

*Аждаһаның аузында,
Елің, жерің, бар малың.
Тәукелге бел буып,
Жан-жағымды қармадым.
Қырғызға қолым тиіпті.
Бұл бір ісім — күйікті,
Шайналып тұр бармағым.
— «Айтақ» — десе ақ патша,
Ойлап жатпай ар жағын,
Түріктің текті баласы,
Біріңді-бірің жалмадың...
Орман, Жантай, Қожантай,
Бас иер деп ойлама.
Бұйрығы болар Алланың!*

*О, қайтейін, шіріктер.
Жүрегімді тіліп көр,
Не деп сайрап тұр екен,
Әулие болсаң біліп көр!
Құлдыққа, сірә, көнер ме,
Мен секілді күйікті ер.*

*Орман, орман — ор балақ,
Көзіңнің жасы сорғалап,
Жасқаншақ жетім баладай,
Жүргенің-ау қорғалап.
Кене ханды өлтіріп,
Аларсың алтын дорбалап.
Жантай-Жантай жаманым,
Басыңның ойлап аманын,
Құрбан еттің еліңді,
Патшаның жалап табанын.
Кене ханды өлтіріп,
Пісіріп жерсің талағын!
Құлағымды кесіп құнтиттың,
Мұрнымды кесіп шұнтиттың,
Мұртымды жұлып біртіндеп,
Бет-аузымды сылпиттың.
Қайнаған суға үш малып,
Қолына бердің қырық иттің!
Қоқи, қоқи қоқилар,
Тау басында шоқыр.
Осылай өлтір дей ме екен,
Мүбәрәк ишан, софылар...
Ел билесе опасыз,
Кіресін тағып шоқынар.
Қазақ пен қырғыз бір туған,
Көзіңе қара жыртиған.
Марқұм қалған екенсің,
Мұсылманның гұрпынан.
Ағайын деп жүр едім,
Тоңыңды пішіп сыртыңнан.
Құлдық ұрын патшаға,
Айырылыпсың гой ырқыңнан.*

*Орман, Жантай, Қожантай,
Садаға кет жұртыңнан,
Қайран ғана дүние-ай,
Тұтылды менің күнім-ай.
Есенгелді, Саржаным,
Наурызбайым, Ержаным,
Түсіме енді бүгін-ай.
Хош, аман бол ұл-қызым,
Ақты гой менің жұлдызым.
Омар, Оспан, Әубәкір,
Жағыпар, Тайшық, Сыздығым,
Ахметім, Жәкейім,
Жарға біткен жалғызым.
Аян берген Атасы,
Сыздығым еді -ау жалғызым.*

Бауыр етім болғаным,
 Таусылды менің нан-тұзым.
 Дұғай сәлем дегейсің,
 Күнімжанды ханымға.
 Күн туды гой жанымма!..
 Мен қайтейін алғаным,
 Байланып қалған бағыңа,
 Көкшетаудың қыраны,
 Торға түсті тағы да.
 Ахмет, Тайшық, Сыздығың,
 Жалау болар жаныңа,
 Мына мен сорлыны айтсайшы,
 Басы үйтілген жалынға!
 Мен сорлыны айтсайшы,
 Тұншығып тұрған қаныңа
 Қауыштырғай құдайым.
 Жанатта, машқар таңында!
 Уай, қазағым, қазағым,
 Арылмады-ау азабың.
 Құлдығыңды есіңе ал,
 Қайнамаса қазаның,
 Өзіңнен ұл тумаса,
 Кім салады назарын?!
 Алты бақан, ала ауыз,—
 Осы болды-ау азарың...
 Хан сарқыты — мен едім,
 Бақиға мен де жөнелдім.
 Тарқаған соң базарым.
 Тіресе алмай тұрысып,
 Төмен болды-ау назарым!!
 Бір құдайға хақ шығар,
 Барамын өтіп таза арым.
 Не сұрайсың, халқым-ау,
 Сыпатай мен Үрістем,
 Орманнан хабар біліскен,
 Алып қашып әскерін,
 Құлық ойлап күліскен!..
 Басын сатып бауырының,
 Теңгелік тағар күмістен...
 Абылайдан тауып ек,
 Әй, Үрістем, Үрістем!..
 Дулатқа келіп семіріп,
 Болмады ісің бір үстем,
 Он алты жасар Ержан да,
 Дұшпанымен тірескең.
 Ержан қолға түскенде,
 Аққанат қалып жүрістен,
 Сілкідеп алып кетіпсің,
 Қалар ма, сірә, бұл естен!
 Қайтейін-ай, қайтейін,
 Қайсыбірін айтайын,
 Хош, аман бол, Көкшетау,
 Азат, Шортан, Майқайың,
 Хош аман бол, дүние,
 Енді тумас қайта айым.

*Топырақтан жаралдым,
Топыраққа қайтайын!*

Кенесарының соңғы сәтін қырғыздар былай суреттейді: «Кенесары жиналған жұртқа қарап, алыстағы тауларға, күн шуағы төгілген аспанға қарап әнін аяқтады. Кенесары үні, ерлігі, тауды жаңғыртып қара жерді тербеткендей болды» [16].

Ел арасында қырғыздар түрлі амалдармен азаптап өлтірген Кенесары өлімінің бірнеше нұсқалары таралған [9; 45]:

Бірінші — жендет салалы кездігімен қазақ ханының ішін жарғанда, ішек-қарны ақтарылып, жерге түскеннен кейін ғана хан жан тапсырған. Оның өлімін тамашалауға жиналған қырғыздар таңғалған — оның жүрегін қалың түк басып кеткен екен. Мұндай ғажайып құбылыс тек аса жаужүрек батырларда болады екен. Екінші — Кенесары Қасымұлының терісін тірідей сыпырып азаптаған, қинаған, адам жаны түршігерлік қорлық көрсетіп өлтірген деген болжам бар. Үшінші — Кенесары Қасымұлын тірідей қазандағы қайнаған ыстық суға салып, қинап өлтірген. Төртінші — Кенесары Қасымұлын соғыста балалары, күйеулері, әкелері, бауырлары қаза тапқан қырғыз әйелдерінің ортасына апарып, олардың жазалауына берген деген де аңыз сақталған. Бесінші — Кенесары Қасымұлын найзаның ұшына шаншып, көкке көтерген, оны мазақтап, «Қазақтың ханы, халың қалай?» — дегенде, Кенесары: «Маңқа қырғыз, не десең де мен сендерден жоғары тұрғанымды байқамай тұрсыңдар ма?» — деген екен.

Қанды қырғыздардың қолынан азаптап өлтірілген адамдардың басын шекара бастығы Вишневский арбаға салып, Ташкентке сыйға жіберген. 1847 жылы Қазақ ханының басын қырғыз манаптары Батыс Сібір генерал-губернаторы А.Горчаковқа сыйға тартқан. Бас сүйекті жеткізіп бергені үшін Хожабек Таштамбаев пен Қалыңұл Әлібековтер алтын және күміс медальдармен марапатталады. Ал 1851 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Гасфорт император І Николайға жазған хатында: «Бүлікшіл Кенесары Қасымовтың басы менде темір сейфте сақтаулы, оны маған князь Горчаков қалдырған, сол бас сүйекті сізге жолдаймын» [15; 32], — деп жазған.

Кенекемнің өлімі бүкіл қазақтың қабырғасын қайыстырып кетті.

*Қоғамы күшті ер еді,
Киімді бала тудырған.
Ықпалы жүрген ер еді,
Алтынды қылыш бұдырған.
Абылайлатып ат қойып,
Дұспанды көрсе құдырған!
Көп сарғайтып келместей,
Кене хан, саған не болды?*

*Тұлпардан сайлап ат мініп,
Дорбадан жемін жегізген.
Жем орнына бал беріп,
Қысырдың сүтін емізген.
Басқан қалың жау жетсе,
Алып та шығар теңізден.
Кенекемді қалдырып,
Көк бұрыл, саған не болды?*

*Патшада бар алтын тақ,
Жасынан Жаппар берген бақ.
Зілді қара бүркіттей
Шабытты туган сұғанақ.
Қанаты жоқ, құйрық жоқ,
Бір анадан жалғыз тақ.
Көп сарғайтып келместей,
Наурызбай, саған не болды?*

*Кенекем менің кеткен соң,
Заманым қалды тарылып.*

Салтанатты хандардан
Жетім қалдым айрылып!
Екі бірдей қанатым
Топшыдан сынды қайрылып!
Балдағы алтын ақ берен
Тасқа тиді майрылып.
Кемшілік түсті басыма,
Көрінгеннен қаймығып.

Жаңбыр жаумай су болды
Пұлы қымбат манатым.
Тасқа тимей кетілді
Балдағы алтын болатым.
Топшысынан үзілді
Екі бірдей қанатым.
Кенесары, Наурызбай,
Асыл туған манабым!
Қырғыздан біткенге ұқсайды
Тағдырлы ажал сағатың.

Жаның қайда жай табар,
Жадында Жаппар болмаса?!
Көңілің қайда жай табар,
Көрерге дәулет болмаса?!
Қолдың көркі болар ма,
Барабан, керней болмаса?!
Жұлдыздың көркі болар ма,
Ішінде бір Ай болмаса?!
Халықтың көркі болар ма,
Басқарған хаңы болмаса?!
Кенесары мен ішінде
Ер Наурызбай болмаса?!

Халық иесі хандарды
Қалай айтсам, мін бар ма?!
Шегірткеге таланған
Қырғауылда жүн бар ма?!
Жапалақтан сескенген
Жалғыз қазда үн бар ма?!
Хандарынан айрылған
Иесіз жұртта сын бар ма?!
Кенесары, Наурызбай
Бір көрінер күн бар ма?!

Кене ханның тұсында
Қарт бурадай жарадық.
Жауды жасқап, жапырып,
Жауған қардай борадық.
«Абылайлап» ат қойып,
Дұспанның алдын орадық.
Кене хан жазым болған соң,
Шіл бозындай тарадық.
Көрінгеннен қорғалап,
Кісі аузына қарадық!
Өзіміз шапқан Созақта
Сарттан ақыл сұрадық.

*Наурызбай төре кеткен соң,
Бастан ауды бағымыз.
Кенесары кеткен соң,
Иесіз қалды тағымыз.
Бұлбұлдай сайрап жүр едік,
Байланды тіл мен жағымыз.
Азғанымыз емес пе,
Қойшыдан сынды сағымыз.
Артында қалған жетім ел,
Келіспей кетті сәніміз.
Ақырында, әлеумет,
Осындай болды халіміз, —*

деп қазақтың кең даласы қара домбырасының үніне қосылып зар жылады [17].

Хан Кененің басы алынуымен қасиетті күрестің оты сөніп, көтерілістің 10 жыл бойы желкілдеген туы түбінен жығылды. Басымызға ұзын-ырғасы бір жарым ғасырға созылған бодандықтың қамыты кигізілді. Бостандығын бағалай алмаған халық бұдан кейінгі өмірінде тәуелсіздіктің тақсыретін тартумен болды. Кенесары Қасымұлы опат болуымен халқымыз қайғы-қасіретке оранып, қарағай басын шортан шалды. Хан Кененің опат болуымен басымыздан бағымыз тайып, көкжиегімізді мұнар шалды.

Соңғы ханының өлімінен арада қанша уақыт өтсе де, қазақ халқы Кенесарысын әлі де жоқтаумен келеді. Өйткені жоғымыз әлі табылған жоқ. Кенесары хан — қазақтың өзегінен орын алған ұлы тұлға. Оның арманы болған тәуелсіздік — бүгінгі ұрпақтың бақыты.

Шет елдерде жүргізілген тарихи зерттеулерде Кенесарының жеке басына қатысты айтылған пікірлер

1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі Смирнов, Потто, Середа, Красовский, тағы басқа көптеген зерттеушілер Кенесарыны «қара басынан қалың бұқараның қамын жоғары қойған тұлға» деп сипаттаған:

1. Сырдария Статистикалық комитетінің толық мүшесі Е.Т.Смирновтың Кенесарыға берген мына бір сипаттамасы ерекше: «1844 жылы Кенесарының күш-қуаты артып, атақ-даңқы асып тұрған жыл болды. Шабандоз партизан есебінде ол таңғажайып әрекеттер жасап, қырғыз даласының ержүрек сайыпқыран жігіттерін төңірегіне тонтай білді. Иығына «полковник эполеті» тағылған әдемі барқыт бешпентті Кенесары ту ұстаушысы мен ұзын қарағай найзаларын ырғай кезеніп, даланы дүбірлете шауып келе жатқан көк сауытты нөкерлерінің алдында әманда құйындатып, оқ бойы озық жүрер еді де, сол тау жығар екпінді шабуылымен келіп, қысас рулар мен билеуші сұлтандар жасақтарын оп-оңай жайпап кетер еді, ал жаулары болса, ақырында бас сауғалап, маң даладан безіп, Орынбор казактары шебіне барып паналап немесе соның маңында «ербендеп», көзге күйік болар еді.

Орынбор линиялық батальондары дүркілдете атқан оқтары мен зеңбіректерінің күркірете атқан картельтері астында шыбын жанын шүберекке түйіп, зымырап жүрген қолбасшы батырдың айбынды түр-пошымының өзі, әр түсті байрақтар, белгілермен әшекейлеген, желден жүйрік салт атты әскерлердің даланы гуілдетіп шауып өткені, сәтті жортуыл жорықтардан кейінгі той-томалақтар, құла түзде емін-еркін аң аулап, ит жүгіртіп, құс салғаны — осының бәрі қырғыз халқының қиялына қанат бітіріп, оның ұйқы жеңіп, қалғи бастаған ескі сезім-түйсігін түрткілеп оятатын» [18].

2. «Түркістан тарихының» авторы Н.Павлов: «Кенесары өзінің бітім-болмысында қажымайтын-талмайтын дала батырларының типіне жатады: ол, тегі, аса ірі дарынның адамы болса керек. Дала перзенттерінің жыртқыштық бостандығын сақтап қалу Кенесарының ұраны болды. Кенесары өзінің ақтық демі біткенше Ресейдің қас жауы болса да, мен оны «түздің соңғы батыры» деп атасам, өз отанымның алдында күнә жасадым дей алмаймын» [11; 251], — деген әділ пікірін айтқан.

3. Орыс тарихшысы М.Красовскийдің: «Ақылы жағынан атасынан төмендеу тұрса да, мінезі мен қимылының адуандылығы бойынша әкесі Қасымнан, сол Абылайдан алшақ тұрды, аз ғана уақытта Кенесары бүкіл Сібір өңіріне белгілі болды» [4; 11], — деп ойын қорытындылауы, бір жағынан, азаттық күрестің себебін ашып көрсетсе, екінші жағынан, жаңа жағдайда тарихи сахнаға көтерілген ханның отаршылдыққа қарсы халық көтерілісін бір арнаға бұруда септік болғандығын аңғартады.

4. Ағылшындық зерттеуші Томас Аткинсон: «Кенесары қазақтардан ғажайып жауынгерлер даярлады. Найза мен айбалтаны тамаша игерген, шапшандығына көз ілеспейтін Кенесары жігіттері

өзінен күші басым жаудан қаймықпай соғысып, жеңіп шыға беретінін естігенім бар. Егер білікті офицерлері болса, қазақтар әлемдегі ең әйгілі атты әскер құрар еді. Оларға тарихта даңқы асқан Шыңғыс хан жиһангерлерінің керемет қасиеттерінің бәрі тән», — деген баға берген.

Ал әскери тарихшы В.А.Потто 1872 жылы өзінің «Қырдағы жорықтар хақында» деп аталатын дәрістерінде Кенесары көтерілісі туралы айта келіп, көтеріліс «бірауызды және жаппай көтеріліс сипатына ие болып, сондықтан оны ауыздықтау енді оңай болмады; оның үстіне бүлікті өжет, бірақ дарынды және асқан жігерлі адам басқарады» [19], — деп жазған.

5. Көтеріліс кезінде Кенесары ханның қабылдауында болған көпестер мен дипломаттар немесе тағдыр талқысымен атышулы қолбасшымен тілдескен басқа да жандар бірауыздан оның ілтипаттылығын, қонақжайлылығын атап өтеді. Осындай қолбасшының ауылында бір аптадай қонақтаған саудагердің көмекшісі Порфирий Глебович Уфимцевтің жазбаларында ханның тұрған үй-жайы жөнінде тартымды мәліметтер келтірілген: «Ханның киіз үйі, шындығында, патшаның тұратын жайындай бай екен. Қайда көз жүгіртсең де, қымбат кілемдер, қабырғада алтын жіпті шәлілер. Кенесарының жантайып отырған жастығы да алтын жіппен тігілгені көз нұрын алады. Киген киімі жібек, алтын жіптермен безендірілген. Үйдің табалдырығынан аттап, үш мәртебе жерге иілдік, Кенесарының киімін сүюге ыңғайланып едім, ол қолын көтеріп, өзі басыма ернін тигізді. Одан соң отырғызып, әр жайды сұрастырды» [4; 10].

6. Кезінде ресейлік генералдар Кене ханның ғаламат қолбасшы екенін еріксіз мойындап, лекциялар оқып, Кенесары әскерлерінің таңғажайып қимылдары туралы әсерлерін сол кезде батыс елдеріне кең тараған «Вестник Европы», «Современник», «Эхо», «Родина» сияқты журналдарға жариялап отырған. Француздың әйгілі жазушысы Жюль Верн осы деректерді молынан пайдаланып, «Патша шабарманы» деп аталатын роман жазған [20].

Жалпы, тарихта көзге ерекше түсетін, харизмалы тұлғалар болады ғой. Жюль Верн де осындай кейіпкер іздеген тәрізді. Оған Кенесарының Ресейге қарсы шығуы романтикаға теңдес болған. Қызығушылығы да осы романтикадан туындаған.

7. 1847 жылы Сібір шекаралық комиссиясының әміршісі генерал-майор Вишневскийдің экспедициясымен Орта және Ұлы жүзде қазақ феодалдарымен тілдескен поляк Адольф Янушкевич: Кенесарыны бірде Алжир халқының француз отаршылдарына қарсы күресінің көсемі, шешен, ақын Абд-Әл-Қадерге (Абд Аль-Кадир); бірде біздің жыл санауымызға дейін екінші ғасырда Рим империясымен күресіп, көптеген соғыстар жүргізген Нумидия патшасы Югуртаға теңеген.

Ал белгілі ғалым П.П.Семенов Тянь-Шанскийдің Кене ханды «Қырғыз даласының Митридатты» деп бағалауында мол негіз бар. Көпті көрген, өз заманының аса білімді перзенттерінің бірі — орыс саяхатшысының қазақ сұлтанын Рим империясының жаулау саясатына қарсы табанды күрес жүргізген, Кіші Азиядағы шағын ғана Понт патшалығының дербестігін сақтап қалуда әр түрлі жолдарды қарастырған, айла-амалдардан да тайынбаған, белгілі қолбасшы Гней Помпейдің жеңісінен кейін өзін-өзі өлтірген Митридат Евпаторға теңеуі — Кенесарының қолбасшылық, дипломатиялық қасиеттерін өте жоғары бағалауында [21].

8. Орыс офицері, белгілі тарихшы Николай Середа Кенесарының жеке басына мынадай қызық мінездеме берген: «Сұлтан Кенесары Қасымов Абылай сұлтанның тегінен тараған. Мұрагерлік кек алу талаптарында тәрбиеленген ол батыл әрі жігерлі, ал жеңілген жауына рақымсыз әрі қатал адам болатын. Ерте жасынан жортуылдар мен барымталарға қатысуы оны тамаша шабандоз етіп қалыптастырды.

Сәтсіздікке тап болған жағдайда тіршілік етуге қолайсыз далалы аймақтарға қашу оның рухын шындай түсті. Жалпы айтқанда, бұл адам аса көрнекті тұлға болатын және оны басқаша жағдайда тәрбиеленгенде, сөзсіз, одан аса көрнекті мемлекет қайраткері шығар еді...

Епті саясаткер ретінде Кенесары өз тыңшыларын жан-жаққа, тіпті Сібір және Оренбург аймақтарына да жібереді. Олар өз басшыларына қатысты барлық әкімшілік шараларды алдын ала біліп алып, оны сол сәтте-ақ ханға жеткізіп отырды. Оренбург әкімшілігі қанша ізіне түссе де, Кенесарыны үнемі көздерінен таса етіп алатындарына таңғалатын. Даланың барлық ой-қырын бес саусағындай білген сұлтан ізімен жүріп келе жатқан әскерді адастырып, бір жерден екінші жерге ұшқыр қаршығадай лезде орын ауыстыра қоятын.

Өз антына адал Кенесары мен оның інісі Наурызбай және олардың тобындағы 3000 адамның барлығы Алатаудың бір шатқалында дулаттардың сатқындығының кесірінен (дулат руының қырғыздары) қаза табады. Сұлтанның басы, дұрысын айтқанда, бас сүйегі князь Горчаковтың қолына

түседі. Ол оны Батыс Сібір басқармасында «Кенесары бүлігі жайында» атты іс бойынша сақтауға бұйрық береді.

... Кенесары өлді, бірақ оның ерлік істері жайлы естеліктер аңыз әңгімелер мен патриоттық өлеңдерге айналып, ордада әлі күнге дейін өмір сүруде» [22].

1837 жылы көтеріліске шыққан Қазақ халқының басшысы, соңғы ханы Кенесары Қасымұлы осындай ірі саяси тұлға болды. Оның айтуынша, қазақ халқы дербес өркениетті мемлекет болуға дайын еді. Осы ойға байланысты Кенесары және оның ең жақын серіктері, туыстары мен әріптестері — барлығы да бұл қызметке белсенді қатысты.

Ерекше айта кететін мәселе, Кенесары хан ірі тұлға ретінде (мемлекеттің құрылысын инновациялар қабылдау арқылы) көшпелі мемлекеттің тәжірибесін одан ары дамытты. Осы жағынан ол орыс отаршыларына өте қауіпті саяси қайраткер еді. Міне, содан кейін де оның күресінің мәнін төмендетіп «вор, разбойник, мятежник» деп атап кеткендігі. Сол дәрежеде айыптау оларға ыңғайлы еді.

Кенесарының өміріне қатысты көп қайшы мәселелер осыған байланысты. Соңғы жылдарға дейін оның жарқын бейнесіне көлеңке түсірер көптеген жайлар айтылып келген еді. Бірақ шындығы ондай емес. Көптеген құжаттарды толық және жүйелі түрде оқып, пайдалану барысында, Кенесарының саясаты дұрыс жолмен жүргізілді деуге мүмкіндік туды.

Қорыта келе айтарымыз, Кенесары Қасымұлының сіңірген тарихи еңбегі — ол қазақ халқының салт-дәстүрін сақтай отырып, оны бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдыруында. Кенесары хан адамзат тарихындағы біреуді біреудің отарлауы, құлдануы дұрыс еместігін Абд Әл-Қадер, Дожи, Гарибальди, Шамил, Ганди, Галев, Боливар және тағы басқа тұлғалар секілді ерекше түсіне білгендігімен ерекшеленді. Ол — құлдыққа қарсы қарулы көтерілістің көсемі! Міне, сол үшін отарлаушылар оны қанша ұмыттырам десе де, ел ешқашан ұлы ханын ұмыта алмады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Усенова А.* Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс // Қазақ тарихы. — 2009. — № 3 (96). — 60–62-б.
- 2 Қазақстан тарихы: Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2006. — 768 б.
- 3 *Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А.* Елтітқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары. — Астана: «KUL TEGIN» баспасы, 2001. — 356 б.
- 4 *Оразов Р.* Кенесары орта бойлы, қара торы адам болған // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы — Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33).
- 5 *Шатиян М.* Кене сұлтаннан — қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлына дейін // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы — Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33).
- 6 Қазақстан: Ұлттық энцикл. 4-т. / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2002. — 720 б.
- 7 *Бекмаханов Е.* Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40-жылдарында: Оқу құралы. — Алматы: Санат, 1994. — 416 б.
- 8 Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. — II-т.: Тарихи тұлғалар. — Алматы: «Білік» баспа үйі, 2003. — 460 б.
- 9 *Меңлібаев Ф.* Кенесарының түк басқан жүрегін көріп, қырғыздар таңғалыпты // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы — Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33).
- 10 Кенесары қай жерде хан көтерілген? // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы — Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33). — 20-б.
- 11 *Жұмбаев Ә.* Жол айрығында // Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. — Алматы: Жалын, 1993. — 448 б.
- 12 *Бекмаханов Е.* Қазақ халқының Кенесары бастаған азаттық қозғалысы. (Тарихи монографиядан үзінді) // Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. — Алматы: Жалын, 1993. — 266–408-б.
- 13 *Пазылов Ә.* Ұлт көсемі — Кенесары // Алаш. — 2010. — № 4 (31). — 48–53-б.
- 14 *Қинаятұлы З.* Кенесары бөгденің жерін шапқан жоқ, тек өз жерін қорғады // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы — Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33).
- 15 *Оразов Р.* Кенесары ханның сүйегін іздеген экспедициялар нәтижесіз аяқталды // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы — Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33). — 32–33-б.
- 16 *Исламқызы Ш.* Хан Кене — тәуелсіздік жаршысы // Қазақ тарихы. — 2005. — № 3. — 111–113-б.
- 17 Нысанбай жырау. Кенесары-Наурызбай (Дастан) // Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. — Алматы: Жалын, 1993. — 16–55-б.
- 18 *Мырзахметов Е.* Сардаланың сардары // Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. — Алматы: Жалын, 1993. — 252–264-б.
- 19 *Оразов Р.* Кенесары шебер әскери қолбасшы болған // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы — Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33). — 18–20-б.
- 20 *Мұқаш Қ.* Кенесары тақырыбына мүлде жанаша көзқарас керек // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы — Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33). — 40–41-б.

21 Қасымбаев Ж. Көтерілістің көзден таса беттерінен // Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. — Алматы: Жалын, 1993. — 211–232-б.

22 Серета Н. Кенесары аса көрнекті тұлға болған // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Ұлт мақтанышы — Кенесары Қасымұлы (1802–1847). — 2011. — № 21 (33). — 12-б.

Р.С.Каренов

Народно-освободительная борьба под предводительством Кенесары хана в 1837–1847 годы

В статье описывается значимость появления Кенесары хана на исторической арене в условиях, когда вследствие массированных выступлений царских войск нависла угроза над независимостью Казахстана. Дается характеристика Кенесары Касымову как политику, который проявил выдающиеся дипломатические качества, осознавая сложность изнурительной вооруженной борьбы против России. Показывается, что Кенесары удалось объединить под свои знамена значительную часть казахских родов трех жузов. Подчеркивается, что хан Кенесары занимает достойное место в когорте великих деятелей своей эпохи. Отмечается, что его личность породила восхищение даже у апологетов царской колониальной империи того времени.

R.S.Karenov

People's liberation struggle under the leadership of Kenessary Khan in 1837–1847 years

Describes the importance of speech Kenessary Khan on historical arena in circumstances where as a result of massive performances tsarist troops threatening the independence of Kazakhstan. The characteristic of Kenessary Kasymov as a politician who has shown outstanding diplomatic skills, recognizing the complexity of grueling warfare against Russia. It is shown that Kenessary managed to unite under the banner of a significant portion of its Kazakh tribes three zhuzs. Stresses that Khan Kenessary takes a worthy place in the cohort of the great figures of his era. It is noted that his personality has generated admiration even the apologists of the royal colonial empire of the time.

References

- 1 Usenova A. *History Kazakhs*, 2009, 3 (96), p. 60–62.
- 2 *The history of Kazakhstan. Encyclopedic Reference*, Almaty: «Aruna Ltd» LLP, 2006, 768 p.
- 3 Zholdasbekuly M., Salgarauly K., Saydimbek A. *Famous sons of the people*, Astana: Publ. «KUL TEGIN», 2001, 356 p.
- 4 Orazov R. *A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33).
- 5 Shapiyan M. *Star family. — A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 6–7.
- 6 *Kazakhstan. National Encyclopedia. 4* // Chief Edit. A.Nysanbayev, Almaty: Home Edition «Kazakh Encyclopedia», 2002, 720 p.
- 7 Bekmakhanov Ye. *Kazakhstan in 20–40 years of XIX century (Tutorial)*, Almaty: Sanat, 1994, 416 p.
- 8 *Kazakhs. Reference in nine volumes, intended for the general reader. II: Historical personalities*, Almaty: Publ. House «Bilik», 2003, 460 p.
- 9 Menlibayev G. *Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33).
- 10 *Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 20.
- 11 Zhumabaev A. *At the crossroads // Khan Kene: Historical reflections and the play, epics*, Almaty: Zhalyn, 1993, 448 p.
- 12 Bekmakhanov Ye. *The national liberation struggle of the Kazakh people, led Kenessary (excerpt from the historical monograph)*, Almaty: Zhalyn, 1993, p. 266–408.
- 13 Pazylov A. *Alash*, 2010, 4 (31), p. 48–53.
- 14 Kinayatuliy Z. *Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 22–23.
- 15 Orazov R. *Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33).
- 16 Islamkyzy Sh. *The history of Kazakhs*, 2005, 3, p. 111–113.
- 17 *Nysanbaiy zhyrau. Kenessary — Nauryzbai (Dastan) // Khan Kene: Historical reflections and the play, epics*, Almaty: Zhalyn, 1993, p. 16–55.
- 18 Myrzakhmetov Ye. *Military chief of the Great Steppe // Khan Kene: Historical reflections and the play, epics*, Almaty: Zhalyn, 1993, p. 252–264.

- 19 Orazov R. *Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 18–20.
20 Mukash K. *The Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 40–41.
21 Kasymbayev Zh. *Unexplored page of the uprising Kenessary // Khan Kene: Historical reflections and the play, epics*, Almaty: Zhalyn, 1993, p. 211–232.
22 Sereda N. *Star family. A legendary figure: Pride people Kenessary Kasymuly (1802–1847)*, 2011, 21 (33), p. 12.

ӘОЖ 821. 512. 122

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

Ғұмырын ғылым жолына бағыштаған ұлы ғалым, ұлағатты ұстаз

Тарихшы Е.Бекмахановтың туғанына — 100 жыл

Мақалада ірі тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмахановтың өмірі мен қызметі суреттелген. Қазақтардың 1837–1847 жылдары Ресей патшалығына қарсы Кенесары Қасымұлы бастаған күрес туралы шындықты айтуға ұмтылыс жасағаны үшін қудаланған отаң сүйгіш, ұлтжандылар қатарынан құрметті орын алатын Бекмаханов туралы айрықша айтылған. Отанымыздың ұлтжанды азаматы Бекмахановтың өзінің айбынды рухымен тәуелсіз Қазақстанға қазірге дейін қызмет атқарып отырғаны көрсетілген. Шынайы тарихты Ермұхан Бекмаханов секілді ғылымға шын берілген ғалымдар жасайтындығы туралы қорытынды жасалған.

Кілт сөздер: ғалым, тарих, өмір жолы, пікірталас, талқы, қуғын-сүргін, саяси науқан, тұлға.

Кіріспе

2015 жылы ғұлама тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмахановтың туғанына 100 жыл толады. Тарихтың көне қойнауынан ақиқатты ақтара көрсеткені үшін ғалымның қуғын-сүргінге ұшырағаны, әйтсе де туған халқым деп соққан үлкен жүрек мойымай, бәріне төтеп бергені бүгінде кімге болсын белгілі.

Кенес үкіметі тұсында қазақ ғылымының дамуына аянбай еңбек сіңірген Қ.Сәтбаевтың, М.Әуезовтің, Е.Бекмахановтың еңбектері ғасырлар бойы қазақ тұлғаларының арманына айналған ұлттық идеяның тармағы еді. Мәселен, Е.Бекмахановтың идеясы, алдымен, ұлт мүддесінің тірегін сақтап, оны болашақ қазақ елінің ұлттық идеясына айналуына мүмкіндік жасау болды. Ол шынымен де, Кенесары тарихымен байланысты бүкіл қазақ елінің жағдайын, рухани өмірін, елдігін, батырларының қызметін, бірлігін бейнелейтін мол мұра қалдырды. Оны танудың, зерттеп жазудың ғылымда жолын салды. Тарихта көміліп бара жатқан ұлттық санамыздың ізін аршып кетті. Бірақ ұлттың тарихын және оны қалыптастырушы халық тұлғаларының феноменін толықтай жазып үлгеруге дарынды ғалымының өмірі жетпеді.

Ерекең түрлі түрмелер мен Қолыма лагерінде қамауда болып, солардың азаптарын басынан өткізді. Осы темір тордың арғы жағында көрген зорлық-зомбылық, оған дейінгі және кейінгі қуғын-сүргін оның жанын күйзелтті, тағдырын жүдеушілікке ұшыратты, ғұмырын қысқартты. Ұстаздық, ғалымдық әрі азаматтық кемеліне келген шағында дүниеден озуына себепші болды.

Бекмаханов тағлымы жеке басқа табыну дәуіріндегі ғылымда ойлау-зерттеу бостандығы болмағанын, тарих ғылымы тұмшаланып, өресіз бюрократтардың, ғалымсымақтардың саяси қолшоқпарына айналып, өз пікірін айтқан авторлар үшін қандай зауал тудырғанын айқын дәлелдеп береді. Ермұхан Бекмаханұлының отаршылдардың ойранынан аяққа тапталып қалған Кенесары–Наурызбайдың рухын қайта көтеріп, халқының ұлттық сана-сезімін оятуға бағытталған іс-әрекетінің аяғы бүкіл ұлтжанды қазақ атаулыға қарсы бағытталған саяси науқанға әкеліп соқтырды.